

Бекітілді
Қазақстан Республикасы Цифрлық даму,
инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі
министрлігі Аэроғарыш комитеті
төрағасының
«27» сәуір 2021 жылғы
№45/НҚ бұйрығымен

**«ҰЛТТЫҚ ҒАРЫШТЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР МЕН ТЕХНОЛОГИЯЛАР
ОРТАЛЫҒЫ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ
ДИВИДЕНДТІК САЯСАТЫ**

Алматы қ., 2021

1. Жалпы ережелер

1.1. «Ұлттық ғарыштық зерттеулер мен технологиялар орталығы» акционерлік қоғамының осы Дивидендтік саясаты (әрі қарай – Дивидендтік саясат) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларына, «Ұйымдарда мемлекеттің қатысуы үлесінің мемлекеттік акциялар пакеті мен табыстарына дивидендтер туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 27 наурыздағы № 142 қаулысына, «Ұлттық ғарыштық зерттеулер мен технологиялар орталығы» акционерлік қоғамының (әрі қарай – Қоғам) Жарғысына, «Ұлттық ғарыштық зерттеулер мен технологиялар орталығы» акционерлік қоғамының Жалғыз акционерінің шешімімен бекітілген (Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі Аэроғарыш комитеті төрағасының 15.08.2019 жылғы № 62/НК бұйрығы) «Ұлттық ғарыштық зерттеулер мен технологиялар орталығы» акционерлік қоғамы Корпоративтік басқару кодексіне, Қоғамның басқа да ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес, Қоғамның Жалғыз акционеріне дивидендтерді төлеу шарттары мен тәртібіне қатысты ақпарат ұсынуды қамтамасыз ету, сондай-ақ дивидендтер төлеу кезінде Қоғамның қаржылық жағдайы туралы сенімді ақпаратты қамтамасыз ету мақсатында әзірленген.

2. Дивидендтер туралы негізгі ережелер

2.1. Қоғамға тиесілі акциялар бойынша төленетін, Қоғамның Жалғыз акционерінің табыстары дивиденд болып табылады.

2.2. Жыл қорытындысы бойынша жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешімді Қоғамның Жалғыз акционері қабылдайды. Жалғыз акционер, Қазақстан Республикасы заңнамалары мен Қоғам Жарғысында қаралған өзінің құзіреті шегінде, жыл қорытындысы бойынша жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдауға құқылы. Жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу/төлеу туралы шешім қабылданған күннен бастап, он жұмыс күні ішінде шешім қаржылық есептілік депозитарийінің Интернет-ресурсына орналастырылуы тиіс.

2.3. Дивидендтер төлеу шарттары мен тәртібі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларымен, Қоғамның Жарғысымен, осы Дивидендтік саясатпен және Жалғыз акционердің шешімімен регламенттеледі.

2.4. Жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау Қоғамның Жалғыз акционерінің құқығы болып табылады.

3. Дивидендтік саясат қағидалары

3.1. Дивидендтік саясат төмендегі қағидаларға негізделген:

- 1) Қоғамның Жалғыз акционерінің мүдделерін сақтау;
- 2) Қоғам қызметінің тиімділігін қамтамасыз ету (ұйымның ұзақмерзімді құнын арттыру);
- 3) Қоғамның қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету;
- 4) ұйымның қызметін қаржыландыруды қамтамасыз ету, оның ішінде Қоғамның қаражаты есебінен жүзеге асырылатын инвестициялық жобаларды қаржыландыру;
- 5) дивидендтерді анықтау тетіктерінің ашықтығы;
- 6) Жалғыз акционердің қысқамерзімді (табыс алу) және ұзақмерзімді (Қоғамды дамыту) мүдделерінің теңгерімділігі.

4. Дивидендтер төлеудің негізгі шарттары

4.1. Дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау кезінде Қоғамның Жалғыз акционері оларды төлеу шарттарына сүйенеді, сондай-ақ, есепті қаржылық жылдағы алынған таза табыс көлемін (жылдық табыс) және Қоғам қызметін дамыту қажеттілігі көлемін есепке алады.

4.2. Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу шарттары төмендегілер болып табылады:

- 1) есепті қаржылық жылда қаржы-шаруашылық қызмет нәтижелері бойынша Қоғамның таза табысының (жылдық табысының) болуы;
- 2) қолданыстағы заңнамада, Қоғам Жарғысында қаралған, дивидендтер төлеуге шектеулердің болмауы;
- 3) Қоғамда дивидендтерді есептеу және төлеу тәртібінің Қазақстан Республикасы заңнамалары мен Қоғам Жарғысына сәйкестігі;
- 4) Қоғамның Жалғыз акционерінің құқықтары мен мүдделерінің сақталуы;
- 5) дивидендтер төлеу нәтижесінде Қоғамның жеке капиталының кері көлемінің болмауы;
- 6) Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес, салық төлеуге қабілетсіздік немесе төлей алмау белгілерінің болмауы, немесе осы көрсетілген белгілердің дивидендтер төлеу нәтижесінде Қоғамда көрініс алмауы;
- 7) дивидендтер төлеу туралы Қоғамның Жалғыз акционерінің шешімі болуы.

5. Дивидендтер көлемін есептеу және оларды төлеу тәртібі

5.1. Алдыңғы қаржылық жыл қорытындылары бойынша Қоғамның Жалғыз акционеріне төлеуге жататындивидендтердің жоспарлы көлемі, белгіленген тәртіпте Қоғамның Директорлар кеңесі бекітетін тиісті кезеңге Қоғамды дамыту жоспарында есептеледі.

5.2. Дивидендтер Қоғамның таза табысынан (жылдық табысынан) төленеді, ол бухгалтерлік және қаржылық есептілік және халықаралық қаржылық есептілік стандарттары (ХҚЕС) туралы Қазақстан Республикасы заңнамалары талаптарына сәйкес, тәуелсіз аудиторлық компанияның бекітуімен жасалған жылдық қаржылық есептілік негізінде анықталады.

5.3. Қазақстан Республикасы заңнамаларына сәйкес, Қоғамның Директорлар кеңесі Қоғамның Жалғыз акционеріне өткен қаржылық жылдағы Қоғамның таза табысын төлу тәртібі және есепті қаржылық жыл қорытындылары бойынша Қоғам төлеуге жататын, бір жай акцияға есептелгендегі дивидендтер көлемі туралы ұсыныс енгізеді.

5.4. Белгіленген тәртіпте дивидендтер төлеу туралы мәселе қаралаған кезде Қоғамның ағымдағы жағдайы, оның қысқа-, орта-, ұзақмерзімді жоспарлары назарға алынады.

5.5. Дивидендтер төлеу көлемі мен мерзімі туралы қорытынды шешім Қоғамның Жалғыз акционерінің шешімімен белгіленеді, ол төмендегіше мазмұндалуы тиіс:

- 1) Қоғамның атауы, орналасқан жері, банктік және басқа да реквизиттері;
- 2) дивидендтер төленетін кезең;
- 3) бір жай акцияға есептегендегі дивиденд көлемі;
- 4) дивидендтер төлеудің басталуы күні;
- 5) дивидендтер төлеудің тәртібі мен нысаны;
- 6) төлем агентінің атауы (төлем агенті болған жағдайда).

5.6. Бір жай акцияға есептегенде Директорлар кеңесі ұсынатын дивиденд көлемі Қазақстан Рсепубликасының ұлттық валютасымен есептеледі.

5.7. Жалғыз акционерге тиесілі табыстарды төлеу кезінде Қоғам салық агенті болып табылады. Қоғам Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларында қаралған тәртіпте және мерзімде есептеулер, ұстау жәнебюджетке салық сомасын аударуды іске асырады.

5.8. Жалғыз акционерге дивидендтер төлеу Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларында қаралған, салық ұсталған соманы есептен шығару арқылы төленеді.

5.9. Дивидендтер төленгеннен кейін қалған таза табыстың (жылдық табыстың) бөлігі Қоғамның қарауында қалады.

5.10. Есепті қаржылық жыл қорытындысы бойынша дивидендтер, жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы Жалғыз акционердің шешімі қабылданғаннан күннен бастап, он күн ішінде төленеді.

Қоғам дивидендтер төлеу бойынша міндеттемесін уақытынан бұрын орындауға құқылы.

Бюджеттік жіктеудің тиісті коды бойынша республикалық бюджеттің кірісіне, Жалғыз акционердің пайдасына Қоғам шотынан тиісті соманы аудару дивидендтің төленуі болып есептеледі.

5.11. Дивидендтер төлеу туралы Қоғамның Жалғыз акционерінің шешімі болмаған жағдайда, Қоғам дивидент төлеуге, ал Қоғамның Жалғыз акционері олардың төленуін талап етуге құқылы емес.

5.12. Дивидендтер Қоғамның Жалғыз акционеріне ақшалай (ұлттық валютада) төленеді.

5.13. Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес акционерлік қоғамның таза табысының бөлігі, шоғырландырылған жылдық қаржылық есептілікте көрсетілген таза табысынан 70 (жетпіс) пайыздан кем емес көлемде, дивидендтер төлеуге жұмсалады.